



**Амангелді Төлеубайұлы Садырбеков** 1947 жылы 18 наурызда Ақмола облысы Жақсы ауданының Есіл ауылында дүниеге келген.

Амангелді Төлеубайұлы өзінің еңбек жолын Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін Жақсы ауданындағы «Есіл» совхозынан бастады. Зоотехник, кейін бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеді. Торғай облысының екі ауданының комсомол ұйымдарын басқарды. Жастар арасында жұмыс істеді, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытты. Содан кейін Кеңарал совхозының партия ұйымын басқаруға жолдама алды.

Көп ұзамай 1980 жылы Қараторғай совхозының директоры болып тағайындалды. Бұл шаруашылық шалғайдағы Амангелді ауданының құрамында құрылған болатын. А.Садырбеков шаруашылықты белсенді түрде басқарды. Ол өз жұмысын құрылыстан бастады. Тұрғын үй, мектеп, балабақша, емхана және басқа да әлеуметтік объектілер қысқа мерзімде салынып, пайдалануға берілді. Жолдар, көпірлер салынды. Оның басшылығы кезінде мал басы көбейді, егін шаруашылығы ауданда ең жоғары өнімділікке жетті.

А.Садырбеков бұрынғы Амантоғай, кейінірек Арқалық аудандарының ауыл шаруашылығы басқармасы негізінде құрылған жаңадан ашылған агроөнеркәсіптік бірлестіктердің басшысы болып тағайындалды. Көп ұзамай облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

1986-1990 жылдары Амангелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Бұл шөлді жерде орналасқан аудан болғандықтан, шешімін күткен проблемалар мен қиындықтар жеткілікті болды. Ол ауқымды істерді бастады. Басталған жұмысты жалғастыра отырып, ауданның экономикасы мен әлеуметтік саласының дамуына айтарлықтай оң өзгерістер енгізді. Жергілікті ауылдарда ауқымды құрылыстар жүргізілді. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік объектілер салынып, жол құрылысы қарқынды дамыды.

Торғай облысының ашылу кезеңінде А.Садырбеков облыстың агроөнеркәсіптік кешенінің басшысы және облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. Торғай облысы жабылғаннан кейін ол Президент Әкімшілігіне қабылданып, мемлекеттік инспектор болып тағайындалды. Батыс Қазақстан, одан кейін Ақмола облыстарында Президенттің өкілі болып жұмыс істеді. Сол кезде облыс мәселелерін шешуге белсене қатысты.

2002 жылдан 2012 жылға дейін отандық кәсіпорындардың бірі – Батыс Қазақстан облысының «Конденсат» акционерлік қоғамының сыртқы байланыстар жөніндегі директоры және Астана қаласындағы өкілі болып жұмыс істеді.

Қостанай облыстық мәслихатының 2022 жылғы 18 мамырдағы №177 шешімімен Амангелді Төлеубайұлы Садырбековке «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.